

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
2010 ж. « 3 » 07 занды
Әділеттік қорғау қайырымдылығы
№ 25871-1010 АБ куәлік
Алғашқы тіркелу күні 2007 ж. 05 05
Мемлекеттік заңсыздық Республикасы Қазақстан
приватизация государственной собственности
юридического лица
свидетельство № 25871-1010 АБ
Дата первичной регистрации 070540007641

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ
Жалғыз акционерінің шешімімен БЕКІТІЛДІ
2010 жылғы 18 мамыр (№39-п бұйрық)



«ҚАЗЫНА КАПИТАЛ МЕНЕДЖМЕНТ»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

Алматы, 2010 жыл

См. на обороте

МАЗМҰНЫ

1-Бап Анықтамалар	1
2-Бап Атауы, орналасқан жері	2
3-Бап Қоғамның құқықтық мәртебесі	2
4-Бап Қоғамның құқықтары мен міндеттері	2
5-Бап Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері	4
6-Бап Қоғам қызметінің мақсаттары мен мәні	4
7-Бап Қоғамның мүлкі	5
8-Бап Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру талаптары	6
9-Бап Таза табысты бөлу тәртібі. акциялар бойынша дивидендтер	7
10-Бап Қоғамның органдары	7
11-Бап Жалғыз акционер	8
12-Бап Жалғыз акционердің құзыреті	9
13-Бап Директорлар кеңесі	10
14-Бап Директорлар кеңесінің құзыреті	14
15-Бап Қоғамның басқармасы	16
16-Бап Ішкі аудит қызметі	19
17-Бап Қоғамның лауазымдық тұлғалары	20
18-Бап Есеп, есеп беру және аудит	21
19-Бап Қоғам туралы ақпаратты ұсыну тәртібі	21
20-Бап Қоғамның қызметін қайта құру мен тоқтату	23
21-Бап Қорытынды жағдайлар	23

«Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарының қалыптасу тәртібі мен құзыретін, Қоғам қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату талаптарын және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа жағдайларды белгілейді.

1-БАП АНЫҚТАМАЛАР

1.1. Жарғыда бас әріппен көрсетілген және осы Жарғыда басқа анықтамасы жоқ әрбір термин мынадай мағынада талқыланады:

Лауазымды тұлға	Директорлар кеңесінің және/немесе Қоғам асқармасының мүшелері
Қауымдастырылған компания	Заңды тұлға, сондай-ақ басқа әртүрлі ұйымдық құқықтық нысандардағы тұлға, соның ішінде акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он пайыздан астамы Қорға тиесілі Инвестициялық қорлар;
Жалғыз акционер	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;
Заң	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
Инвестициялық қорлар	1) қызметінің бағыты мыналар болып табылатын инвестициялық қорлар: <ul style="list-style-type: none">- өсу әлеуеті жоғары және өзінің даму, кеңею, жаңару сатысында, қосылу және жұтылу сатысында тұрған жеке компанияларға инвестициялар жұмсау,- экономиканың әртүрлі саласына үлестік қатысу арқылы акциялардың/үлестердің құнын өсіру жолымен табыс алу және соңынан акцияларды/үлестерді басқа инвесторларға сату мақсатында активтерді сатып алу, 2) портфельдік инвестициялар қорлары және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбайтын әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы қазақстандық және шетелдік инвестициялық қорлардың басқа да нысандары;
Инвестициялық жоба	Қоғамның және Қоғам серіктестерінің қаражаттары есебінен қаржыланатын, Жобалық компанияның өнім өндірісінің және қызметінің көлемі мен сапасын көтеру, шикізат пен материалдарды қайта өңдеуді тереңдету, жоғары технологиялық өнім шығару, инфрақұрылымдық объектілер құру, Жобалық компанияның технологиялық әлеуетін көтеру сияқты құнын өсіруге бағытталған шаралар кешені болып көрінетін инвестициялық жоба;
Қоғам	«Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамы;
Жобалық компания	Қызметі Инвестициялық жобаны жүзеге асыруға бағытталған, Қоғам оның құрылтайшыларының бірі (акционері/қатысушысы) болып табылатын заңды тұлға;

Серіктестік	Серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған қауымдастырылған компания;
Жарғы	Қоғамның осы Жарғысы.

2-БАП

АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2.1. Қоғамның толық атауы:

- Қазақ тілінде: «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамы;
Орыс тілінде: акционерное общество «Казына Капитал Менеджмент»;
Ағылшын тілінде: Kazyna Capital Management Joint Stock Company.

Қоғамның қысқартылған атауы:

- Қазақ тілінде: «ҚКМ» АҚ;
Орыс тілінде: АО «ККМ»;
Ағылшын тілінде: KCM JSC.

- 2.2. Қоғамның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050020, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 291/3а.
- 2.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050020, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 291/3а.

3-БАП

ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

- 3.1. Қоғам акционерлік қоғам нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады.
- 3.2. Қоғам оны мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады. Қоғам шектелмеген мерзімге құрылған.
- 3.3. Қоғамның өз атауы бар мөрі, бланкілері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.
- 3.4. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны басшылыққа алады.
- 3.5. Қоғам ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.
- 3.6. Қоғамның үлгілерін, Қоғамның басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өзінің тауарлық белгісі мен басқа да рәмізі болады.

4-БАП

ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 4.1. Қоғам өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуы және жүзеге асыруы және өзіне міндеттемелерді алуы мүмкін.

- 4.2. Қоғам толық тәуелсіз, өзін өзі басқарушы болып табылады, Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары болады, Қоғам жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап береді.
- 4.3. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелінде болады.
- 4.4. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 4.5. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттарға келісімдер, келісім-шарттар) жасап, мүлдітік және жеке мүлдітік емес құқықтар мен міндеттемелерді сатып алуы, сотта талапкер немесе жауапкер болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруы мүмкін.
- 4.6. Қоғам күзетшілік құжаттарды, технологияларды, «ноу-хау» және басқа ақпаратты иелену және пайдалану құқығын сатып алуы және беруі мүмкін.
- 4.7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында олардың шығарылуы, орналастырылуы, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі белгіленген бағалы қағаздарды шығара алады.
- 4.8. Қоғам еншілес және тәуелді заңды тұлғаларды құруға, сондай-ақ осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі басқа да заңды тұлғалардың жарғылық капиталы мен қызметіне қатысуға құқылы.
- 4.9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамның атынан және оның тапсырысы бойынша Ереже негізінде іс-әрекет жасайтын Қазақстан Республикасында және одан тысқары жерлерде өз филиалдары мен өкілдіктерін құра, оларға меншікті мүлік есебінен негізгі және айналым қаражатын үлестіріп бере және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қызмет тәртібін анықтай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке теңгерімінде және толығымен Қоғамның теңгерімінде деп есептеледі.
- 4.10. Филиалдар немесе өкілдіктердің қызметін басшылыққа алуды Қоғам Басқармасы тағайындайтын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.
- 4.11. Қоғам қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес Қоғамның қызметіне қатысты барлық мәселелерді өздігінен шешеді.
- 4.12. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық, сол сияқты шетел валютасында шоттар ашуға құқылы.
- 4.13. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақстандық, сол сияқты шетелдік заңды тұлғалардан теңгемен және шетел валютасында қарыздар алуға және кредиттерді пайдалануға құқығы бар.
- 4.14. Қоғам белгіленген тәртіппен Инвестициялық қорлар және Инвестициялық жобалар үшін сарапшылар мен кеңесшілерді тартуға құқылы.
- 4.15. Қоғам ішкі нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.
- 4.16. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа құқықтарға ие болуы және басқа да міндеттерге жауап беруі мүмкін.

5-БАП

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Жалғыз акционер:

5.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

5.1.2. дивидендтер алуға;

5.1.3. Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде үлестес тұлғалар жігіндегі конфиденциалдық сипаттағы ақпаратты қамтитын ақпарат алуға, сондай-ақ Қоғам Жарғысында және Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

5.1.4. Қоғамды тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5.1.5. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

5.1.6. Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен шағымдануға;

5.1.7. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныс жасауға және белгіленген мерзімдерде уәждемелік жауаптар алуға;

5.1.8. Қоғам таратылған кезде мүліктің бөлігіне;

5.1.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;

5.1.10. Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;

5.1.11. Өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуді талап етуге;

5.1.12. Қоғам органдары Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын және осы Жарғыны бұзатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға шағымдануға;

5.1.13. Заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің қарауына қосымша сұрақтарды енгізуді ұсынуға құқылы.

5.2. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болуы мүмкін.

5.3. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген міндеттерді орындайды.

6-БАП

ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

6.1. Қоғам қызметінің мақсаттары болып мыналар табылады:

6.1.1. жалпы инвестициялық және инновациялық белсенділікті көтеруге жәрдемдесу, Қазақстанның тікелей инвестициялар нарығын Инвестициялық қорларға инвестиция жұмсау арқылы дамыту;

6.1.2. бәсекеге қабілетті өндірістерді құру және экономиканы әртараптандыру, сондай-ақ инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мақсатында Қазақстан

- экономикасының әртүрлі секторлардағы жекеменшік және мемлекеттік капиталдың өзара іс-әрекетінің тиімділігін арттыру;
- 6.1.3. тікелей инвестициялау мен Инвестициялық қорларды басқарудың ең үздік әлемдік тәжірибесін енгізу;
 - 6.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген қызметті қоса, бірақ онымен шектелмей, жүргізу арқылы табыс алу;
 - 6.1.5. Қоғамның инвестициялық портфелін тиімді құрылымдау арқылы активтерді әртараптандыру.
- 6.2. Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:
- 6.2.1. Қазақстандағы және шет елдегі Инвестициялық қорларға, Жобалық компанияларға, қаржы құралдарына инвестицияларды жүзеге асыру;
 - 6.2.2. қазақстандық және шетелдік Инвестициялық қорлардың және Жобалық компаниялардың капиталына қатысу арқылы қаржылық инфрақұрылымдарды құру жолымен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу;
 - 6.2.3. қазақстандық экономика мүддесінің тұрғысынан біршама тиімді шетелдік активтерді Инвестициялық қорлардың және Жобалық компаниялардың капиталына қатысу механизмі арқылы іріктеу, өнеркәсіптің стратегиялық саласында осындай активтерді сатып алу;
 - 6.2.4. брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру;
 - 6.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен уақытша бос ақшаны сыртқы және ішкі қаржы нарығында орналастыру;
 - 6.2.6. жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің басқа түрлері.
- 6.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің кез келген түрлерімен айналысуы мүмкін, егер оған арналған кез келген қажетті арнайы рұқсаттар және/немесе лицензиялары бар болған жағдайда. Қоғамның онымен айналысуға лицензия қажет болатын қызмет саласындағы құқықтық қабілеттілігі осындай лицензияны алған сәттен бастап пайда болады және заң тәртібімен белгіленген алып тастау, қолданылу мерзімі аяқталған немесе заңсыз деп танылған сәтте тоқтатылады.

7-БАП

ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

- 7.1. Қоғам мүлкі:
- 7.1.1. Жалғыз акционердің Қоғам акцияларын төлеуге тапсырған ақшалары және басқа мүліктері;
 - 7.1.2. Қоғам қызметінің нәтижесінде алынған табыстар;
 - 7.1.3. басқа да Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздерде сатып алынған мүлік есебінен қалыптастырылады.

8-БАП

ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ТАЛАПТАРЫ

- 8.1. Қоғам акциялар, облигациялар, айырбасталатын және басқа да бағалы, оның ішінде одан туынды қағаздар шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналымы мен өтеу шарттары мен тәртібі бағалы қағаздар шығару және/немесе айналымға шығару елінің заңнамасымен айқындалады.
- 8.2. Қоғам тек жай акцияларды ғана шығарады.
- 8.3. Жай акция Жалғыз акционерге оның айрықша құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде дауыс беру, Қоғамның таза табысы болған жағдайда Жалғыз акционердің тиісті шешімі негізінде дивидендтер алу, сондай-ақ Қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам мүлкінің бөлігін алу құқығын береді.
- 8.4. Қоғам акцияларын шығару құжаттамалық емес нысанда жүзеге асырылады.
- 8.5. Акцияларды шығару, орналастыру, айналымы мен өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Жарғымен және акциялар шығару проспектісімен белгіленеді.
- 8.6. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, орналастырылатын акцияларға ақы төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.
- 8.7. Ақшадан басқа өзге де мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензияның негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.
- 8.8. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін қалыптастыруды жүргізуді және сақтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның аффилиирленген тұлғасы және оның аффилиирленген тұлғалары болмауы тиіс Қоғамның тәуелсіз тіркеушісі жүзеге асырады.
- 8.9. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілдікке мынадай жағдайларда ғана алуы мүмкін, егер:
 - 8.9.1. кепілдікке тапсырылып жатқан бағалы қағаздар толық төленген болса;
 - 8.9.2. Қоғамға кепілдікке тапсырылып жатқан және кепілдікте тұрған акциялардың жалпы саны Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда Қоғам орналастырған акциялардың жиырма бес пайызынан аспайтын болса;
 - 8.9.3. бағалы қағаздардың кепілдігі туралы шартты Қоғамның Директорлар кеңесі мақұлдаған болса.
- 8.10. Қосымша қаражат тарту үшін Қоғам облигациялар шығаруға құқылы.
- 8.11. Облигацияларды шығару, орналастыру, айналымы, олар бойынша сыйақы төлеу, өтеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі облигацияларды шығару және/немесе айналымға шығару елінің заңнамасымен, облигациялар шығару проспектісімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

9-БАП

ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

- 9.1. Қоғамның таза табысы, соның ішінде дивидендтер төлеуге арналған табыс (салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер төленгеннен кейін) Қоғамның иелігінде қалады және Жалғыз акционердің шешімімен анықталған тәртіппен бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға және Жалғыз акционердің шешімімен көзделген басқа да мақсаттарға жіберіледі.
- 9.2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдың қорытындысы бойынша, егер Жалғыз акционер дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, оның қалауымен жүзеге асырылады.
- 9.3. Жалғыз акционер шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялап, жылдың қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 9.4. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында және Қоғамның корпоративтік вэб-сайтында жариялануы тиіс.
Дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай ақпарат болуы тиіс:
 - 9.4.1. Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
 - 9.4.2. дивидендтер төленетін кезең;
 - 9.4.3. бір жай акцияға есептегендегі дивидендтің мөлшері;
 - 9.4.4. дивидендтерді төлеу басталатын күн;
 - 9.4.5. дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.
- 9.5. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционер оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
- 9.6. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:
 - 9.6.1. меншікті капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
 - 9.6.2. егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса.

10-БАП

ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

- 10.1. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:
 - 10.1.1. жоғары орган - Жалғыз акционер;
 - 10.1.2. басқару органы - Директорлар кеңесі;
 - 10.1.3. атқарушы орган - Басқарма;

10.1.4. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласында бағалауды, корпоративтік басқару және консультация беру саласында құжаттарды орындауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

11-БАП

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

- 11.1. Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қоғам Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Жалғыз акционердің Жарғысына сәйкес Жалғыз акционер қабылдайды.
- 11.2. Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті. Есеп беру кезеңі бойынша Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін емес болған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.
- 11.3. Жалғыз акционердің шешім қабылдауы үшін акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелерді дайындауды Басқарма, онымен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі, Директорлар кеңесі жүзеге асырады.
- 11.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді жалғыз акционердің қарауына шығаруға Директорлар кеңесі бастамашылық етеді.
- 11.5. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді жалғыз акционердің қарауына шығаруға Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер бастамашылық етеді, ал ерікті түрде тарату үдерісінде Қоғамның тарату комиссиясы да бастамашылық ете алады.
- 11.6. Қазақстан Республикасының заң актілерінде жалғыз акционердің қарауына мәселелерді міндетті енгізу жағдайлары көзделуі мүмкін.
- 11.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, жалғыз акционердің қарауына мәселелерді енгізу бойынша шығыстарға Қоғам жауапты болады.
- 11.8. Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелер жөніндегі материалдарда осы мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпарат қамтылуы тиіс.
- 11.9. Қоғам органдарын мүшелерін сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:
 - 11.9.1. аты-жөні, сондай-ақ тілегі бойынша әкесінің аты;
 - 11.9.2. білімі туралы мәліметтер;
 - 11.9.3. Қоғамға қатысты аффилиирленгендігі туралы мәліметтер;
 - 11.9.4. соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
 - 11.9.5. кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.
- 11.10. Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесін сайлау туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып

отырған кандидат жалғыз акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатыны-табылмайтындығы көрсетілуі тиіс.

11.11. Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелер жөніндегі материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

11.11.1. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін;

11.11.2. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне аудиторлық есепті;

11.11.3. Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есеп айырысуда дивидендтің мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсыныстарын;

11.11.4. акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына енгізу бастамашысының қалауы бойынша басқа да құжаттар.

11.12. Жалғыз акционер шешімдерінің көшірмелерін Басқарма сақтауы және кез келген уақытта Жалғыз акционерге танысу үшін ұсынуы тиіс. Жалғыз акционердің талабы бойынша оған Жалғыз акционер шешімінің көшірмесі беріледі..

12-БАП

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

12.1. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

12.1.1. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

12.1.2. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

12.1.3. Қоғамның бағалы қағаздарының айырбасталу тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ олардың өзгеруін анықтау;

12.1.4. Қоғамның жарияланған акциялар санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларын өзгерту туралы шешім қабылдау;

12.1.5. Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын белгілеу;

12.1.6. Басқарма Төрағасының өкілеттігін тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ онымен еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату, кейіннен бұл шешімді Қоғамның Директорлар кеңесіне енгізу;

12.1.7. Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметі үшін ақы төлеу мөлшерін анықтау;

12.1.8. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

12.1.9. Қоғамның және Қоғамның Директорлар кеңесінің жылдық есебін бекіту;

12.1.10. Есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, оның қалауы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есеп айырысуда дивидендтің мөлшерін бекіту;

- 12.1.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар болған кезде жай акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 12.1.12. Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 12.1.13. активтерінің бөлігін немесе бірнеше бөлігін қосындысы Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын активтерді тапсыру арқылы Қоғамның заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдауы;
 - 12.1.14. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
 - 12.1.15. Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібін белгілеу;
 - 12.1.16. Қоғамның «алтын акциясын» енгізу және күшін жою;
 - 12.1.17. Қоғамды корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 12.1.18. шешімдер қабылдануы заңнамалармен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.
- 12.2. Осы тармақтың 12.1.6-тармақшасында көрсетілген шешімдерді Қоғамның Директорлар кеңесі бірауыздан келісілген шешімімен жоюы мүмкін.
 - 12.3. Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне жатқызылған мәселелер Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның Басқармасының құзіретіне берілуі мүмкін емес. Жалғыз акционер Қоғамның өзге органдарының Қоғамның ішкі қызметіне қатысты кез келген шешімін жоюға құқылы.
 - 12.4. Қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Жалғыз акционердің Жарғысында көзделген тәртіппен қабылдайды және олар жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

13-БАП

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 13.1. Директорлар кеңесі - Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады.
- 13.2. Директорлар кеңесі өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, жалғыз акционердің шешімдерін және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.
- 13.3. Директорлар кеңесінің құрамы 3-тен (үштен) кем емес және 9-дан (тоғыздан) аспайтын мүшелерден тұрады. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.
- 13.4. Директорлар кеңесінің Төрағасын Директорлар кеңесі Заңда көзделген тәртіппен Директорлар кеңесі мүшелерінің ішінен сайлайды.
- 13.5. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

- 13.6. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және оларда төрағалық етеді, отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады.
- 13.7. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің отырысқа қатысушы мүшелері (сырттай дауыс беруге қатысушы) сайлайтын Директорлар кеңесі мүшелерінің отырысына қатысушылардың бірі жүзеге асырады..
- 13.8. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлға шектеусіз қайта сайлана алады.
- 13.9. Төмендегі:
- 13.9.1. жоғары білімі жоқ тұлға;
- 13.9.2. өтелмеген немесе белгіленген заң тәртібімен алынып тасталмаған соттылығы бар тұлға;
- 13.9.3. банкрот, консервация, санация, күштеп тарату туралы шешім қабылданған уақыттан кейін осы тұлғаның басшылығы кезінде бес жыл ішінде банкрот деп танылған немесе консервацияға, санацияға, күштеп таратуға тап болған бұрын басшылық қызметте болған заңды тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.
- 13.10. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігі Жалғыз акционердің шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатыла алады.
- 13.11. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің немесе Басқарма Төрағасының бастамасы бойынша не:
- 13.11.1. Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 13.11.2. ішкі аудит қызметінің;
- 13.11.3. Қоғамның аудитін іске асырушы аудиторлық ұйымның;
- 13.11.4. Қоғамның Жалғыз акционерінің талап етуі бойынша шақырылады.
- 13.12. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің немесе Басқарманың Төрағасы шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.
- 13.13. Директорлар кеңесі мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарла «алтын акция» иесіне (ол енгізілген жағдайда) күні, уақыты, орны және отырыстың күн тәртібі, отырысты өткізу тәртібі көрсетіле отырып жазбаша түрде отырысқа дейін 10 (он) күннен кешіктірмей жіберіледі.
- 13.14. Директорлар кеңесінің мүшесі егер ол Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтын болса Басқармаға және Директорлар кеңесінің Төрағасына немесе оны алмасытыратын Директорлар кеңесінің мүшесіне немесе Қоғамның корпоративтік хатшысына алдын ала хабарлауға міндетті.
- 13.15. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кем дегенде жартысын құрайды.
- 13.16. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысушы (сырттай дауыс беруге қатысушы) мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.
- 13.17. Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығы өзге тұлғаға берілуі мүмкін емес.

- 13.18. Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.
- 13.19. Шешімдер қабылдауды жеделдету мақсатында, Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің Қоғам орналасқан жерден тыс жердегі мүшелерімен және Директорлар кеңесінің отырысына қатысуға өз тілектерін білдірушілермен тиісті байланыс құралдарын (аудио, видео) қолдана отырып селекторлық кеңес арқылы ұйымдастырылуы мүмкін. Бұл жерде алда тұрған Директорлар кеңесінің отырысының барлық материалдары Директорлар кеңесінің болмаған мүшелеріне белгіленген тәртіппен жіберіледі.
- 13.20. Директорлар кеңесінің отырысқа өзі қатысуға мүмкіндігі жоқ мүшесі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өзінің пікірін жазбаша білдіруге құқылы.
- 13.21. Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге дейін 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынылуы тиіс.
- 13.22. Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші Директорлар кеңесінің отырысында болмаған Директорлар кеңесі мүшелерінің ұсынған жазбаша пікірлерін күн тәртібіндегі осы пікірлер ұсынылған мәселелер бойынша дауыс беру басталғанға дейін жариялауға міндетті.
- 13.23. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделіп, оған отырыста төрағалық етуші тұлға мен Қоғамның корпоративтік хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды және ол:
- 13.23.1. Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауын және орналасқан жерін;
 - 13.23.2. отырысты өткізу күнін, уақытын және орнын;
 - 13.23.3. отырысқа қатысушы тұлғалар туралы мәліметтерді;
 - 13.23.4. отырыстың күн тәртібін;
 - 13.23.5. дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындысын;
 - 13.23.6. қабылданған шешімдерді;
 - 13.23.7. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтерді қамтуы тиіс.
- 13.24. Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесінің қарауға шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.
- 13.25. Директорлар кеңесінің дауыс беруге арналған өздерінің бюллетеньдерін бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталу күнінен кешіктірмей тапсырған мүшелері сырттай дауыс беруге қатысушылар деп саналады.
- 13.26. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень:
- 13.26.1. Қоғамның толық атауын және орналасқан жерін;
 - 13.26.2. қол қойылған бюллетеньдерді Директорлар кеңесінің тапсыру күнін;
 - 13.26.3. отырыстың күн тәртібін;
 - 13.26.4. дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқаларын;
 - 13.26.5. өзге мәліметтерді қамтуы тиіс.
- 13.27. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберу кезінде Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы олардың дұрыс және бірізді жасалғанын өзінің қол қоюымен растайды.

- 13.34. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттемелерін орындау кезеңінде сыйақылар төленуі және (немесе) мемлекеттік қызметші немесе Жалғыз акционердің Өкілі болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелерін қоспағанда олардың Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің қызметін атқаруымен байланысты шығыстары өтелуі мүмкін. Осындай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.
- 13.35. Біршама маңызды мәселелерді қарау мен Директорлар кеңесіне нұсқауларды әзірлеу үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.
- 13.36. Директорлар кеңесінің комитеттерін құру тәртібі мен жұмыстары, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

14-БАП

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

- 14.1. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
- 14.1.1 Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
 - 14.1.2 орналастыру (өткізу) туралы, соның ішінде жарияланған акциялар саны шегіндегі орналастырылған (өткізілген) акциялардың саны тәсілі және оларды орналастыру (өткізу) бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 14.1.3 Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 14.1.4 Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
 - 14.1.5 Қоғамның облигациялар мен туынды бағалы қағаздар шығару талаптарын анықтау;
 - 14.1.6 Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын қоспағанда, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 14.1.7 Басқарма Төрағасы мен оның мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
 - 14.1.8 Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін анықтау, оның жетекшісі мен мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 14.1.9 корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
 - 14.1.10 Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, соның ішінде Басқарманың Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарын қоспағанда, Қоғамның есептік саясатын және аукциондар өткізу мен Қоғамның бағалы қағаздарын жаздыру шарттары мен тәртіптерін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;
 - 14.1.11 Қоғамның филиалдары мен өкілеттіктерін құру мен жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 14.1.12 Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді шығару туралы шешім

- кабылдау;
- 14.1.13 Қоғамның басқа заңды тұлғалар мен әртүрлі ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы Инвестициялық қорлар құруға қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 14.1.14 Қауымдастырылған компания акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының күзіретіне қатысты қызмет мәселелері бойынша Қоғамның ішкі құжаттарында және осындай Қауымдастырылған компанияның құрылтайшылық құжаттарында көзделген тәртіппен шешім қабылдау, соның ішінде:
- 14.1.14.1.1 Қауымдастырылған компанияны ерікті қайта құру және тарату;
- 14.1.14.1.2 Қауымдастырылған компанияның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 14.1.14.1.3 Қауымдастырылған компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;
- 14.1.14.1.4 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар басталған кезде Қауымдастырылған компанияның жай және артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 14.1.14.1.5 Қауымдастырылған компания акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 14.1.14.1.6 Қауымдастырылған компанияның Қауымдастырылған компанияға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы бөлігін немесе бірнеше бөлігін құрайтын активтерін беру арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға немесе оның қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 14.1.14.1.7 Қауымдастырылған компанияның «алтын» акцияларын енгізу және алып тастау;
- 14.1.14.1.8 Серіктестіктің атқарушы органын құру және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлікпен басқаруға тапсыруға және осындай тапсыру талаптарын анықтау туралы шешім қабылдау;
- 14.1.14.1.9 Серіктестіктің барлық мүлкінің кепілі туралы шешім ;
- 14.1.14.1.10 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарна енгізу туралы шешім;
- 14.1.14.1.11 Серіктестіктің қадағалау кеңесін және (немесе) Тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;
- 14.1.14.1.12 Серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім.
- 14.1.15 Қоғамның міндеттемелерін оның жеке капиталының он немесе одан артық пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

- 14.1.16 егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген ірі мәмілелерді, қаржылық көмек беру туралы мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
 - 14.1.17 «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына кірмейтін үлестес тұлғалармен мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
 - 14.1.18 Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, Ішкі аудит қызметінің есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;
 - 14.1.19 Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымын, қызметкерлердің жалпы санын бекіту, сондай-ақ корпоративтік хатшы қызметі қызметкерлерінің саны;
 - 14.1.20 Қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтері мен Қоғам қызметкерлерін орналастыруға арналған аудан нормаларын анықтау;
 - 14.1.21 Қоғамның қызметтік іссапарларға жіберілетін қызметкерлерінің шығыстарын өтеу тәртібі мен талаптарын анықтау;
 - 14.1.22 Қызметкерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығын ұсыну кезіндегі Қоғамның қаржысы есебінен өтелетін шығыстар лимиттерін, өкілеттік шығыстар лимиттерін және өзге лимиттерді анықтау;
 - 14.1.23 даму стратегиясын, сондай-ақ Қоғамның даму жоспарын бекіту;
 - 14.1.24 Қоғамның тәуекелдерді басқару, тиімділікті сақтау мен талдауды қамтамасыз ету жөніндегі ішкі рәсімдерін бекіту, сондай-ақ осындай рәсімдерді жетілдіру;
 - 14.1.25 Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Жарғыда көзделген, осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне жатқызылмаған өзге мәселелер.
- 14.2. 14-тармақта көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді Қоғамның уәкілетті өкілдерінің кейіннен дауыс беруі мақсатында Қоғамның акционері (қатысушысы) ретіндегі позициясын анықтау үшін Қоғамның Директорлар кеңесі берілген заңды тұлғалардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыстарында қабылдайды.
 - 14.3. Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне жатқызылған мәселелерді Директорлар кеңесі Басқармаға шешу үшін бере алмайды.
 - 14.4. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ осы Жарғының 12.1.6-тармағын қоспағанда, Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы шешімдер қабылдауға құқылы.

15-БАП

ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

- 15.1. Қоғамның ағымдық қызметіне жетекшілік етуді Қоғамның коллегиялық атқарушы органы- Басқарма іске асырады, оны Басқарма Төрағасы басқарады және ол кем дегенде 3 (үш) мүшеден тұрады.
- 15.2. Басқарма Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның лауазымды тұлғаларының айрықша құзіретіне жатқызылмаған кез келген

мәселелері бойынша, соның ішінде:

- 15.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Қоғамның атынан мәмілелер жасау;
 - 15.2.2. Директорлар кеңесі бекіткен, Қоғам қызметкерлердің жалпы саны ескерілген Қоғамның штаттық кестесін бекіту;
 - 15.2.3. Басқарманың хаттамалары түріндегі Қоғамның барлық қызметкерлері орындауы міндетті шешімдер шығару;
 - 15.2.4. Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;
 - 15.2.5. Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 15.2.6. «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Самруқ-Қазына» АҚ тобына кірмейтін ұйымдармен жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау;
 - 15.2.7. Қоғамның акцияларын төлеуге берілетін не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін анықтау;
 - 15.2.8. Бұрынғы Тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда Тіркеушіні сайлау;
 - 15.2.9. Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиясын құрайтын қызметі туралы ақпаратты анықтау;
 - 15.2.10. осы Жарғының 14.1.14-тармағына сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзіретіне қатысты мәселелерді қоспағанда Қауымдастырылған компанияға қатысты акционердің (қатысушының) құқығын іске асыру;
 - 15.2.11. Қоғамның тауар белгісі мен өзге символикаларын бекіту;
 - 15.2.12. Қоғамның филиалдары мен өкілеттіктерінің жетекшілерін тағайындау туралы шешім қабылдау;
